



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

город Нур-Султан

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 545 от 05.07.2022

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы»
акционерлік қоғамының 2021 жылғы
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26686 болып тіркелген), «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысы 67-тармағының 12), 13) тармақшаларына, «BR-Audit» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2022 жылғы 15 сәуірдегі аудиторлық қорытындысына, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2022 жылғы 3 маусымдағы № 3 хаттамасынан үзіндіге, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, бірінші вице-министрі және вице-министрлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 625 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № КГИП-03-КГ/4695 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы Тұран көшесі 34/1, БИН: 080440018645, ЖСК: KZ82856000000526973, «Банк Центр Кредит» акционерлік қоғамы, БСН: КСJBKZKX) бекітілсін.

2. Қоғамның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша алынған 8 475 462,82 (сегіз миллион төрт жүз жетпіс бес мың төрт жүз алпыс екі) теңге 82 тиын мөлшердегі таза кіріс осылай бөлінсін:

5 932 823,97 (бес миллион тоғыз жүз отыз екі мың сегіз жүз жиырма үш) теңге 97 тиын сомасындағы 70 (жетпіс) пайыз Республикалық бюджеттің кірісіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

2 542 638,85 (екі миллион бес жүз қырық екі мың алты жүз отыз сегіз) теңге 85 тиын сомасында 30 (отыз) пайыз Қоғамның иелігіне қалдырылсын.

3. Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы есептеуде 2021 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшері 0 (нөл) теңге 64 тиын болып бекітілсін.

4. Қоғамның Басқарма төрағасы:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидалардың талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы бұйрықтың 1-тармағында көзделген жылдық қаржылық есептілікті және «PDF (Portable Document Format)» электрондық форматында аудиторлық есепті (қол қойылған және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесін) жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарына және Қоғамның корпоративтік сайтында жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ведомстволық бағынысты ұйымдарды корпоративтік басқару және мемлекеттік активтер департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
аппарат басшысының міндетін атқарушы

А. Қинаятов

Подписано

05.07.2022 19:23 Кинаятов А. К. ((и.о Абдильдин Б.С.))